

Республикалық бюджет комиссиясының және Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің жұмысына басшылық жасау.

Мұнай-газ секторын дамыту мәселелері.

Үкіметтің кадр мәселелері.

Сыртқы істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Қаржы полициясы агенттігінің, Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылау.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

А.С.Павлов

Экономиканы жедел басқару, өңірлік саясат, төтенше жағдайлар мәселелері.

Экономикалық жоспарлау және даму, қаржы, салық және тариф саясаты, бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері.

Үкіметтің Ұлттық Банкпен, халықаралық қаржы және экономика ұйымдарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Қазақстанның Даму Банкінің қызметін үйлестіру.

Мемлекеттік органдардың әлеуметтік саланы дамыту, білім беру, ғылым, мәдениет, ұлтаралық қатынастар, денсаулық сақтау, спорт пен туризм мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Әлеуметтік әріптестік мәселелері.

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Статистика жөніндегі агенттіктің, Кедендік бақылау агенттігінің, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің, Туризм және спорт жөніндегі агенттіктің, Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары

С.М.Мыңбаев

Инвестициялық саясат, экспорттық бақылау және жұмылдыру жұмысының, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына енуі мәселелері.

Мемлекеттік органдардың өндірістік саланы, инфрақұрылым мен жаңа технологияларды (өнеркәсіп, энергетика секторы, құрылыс, көлік пен коммуникациялар) дамыту мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері.
Геология, жер қойнауын пайдалану және жер қойнауын қорғау мәселелері.
"Байқоңыр" ғарыш айлағының мәселелері.

ТМД елдерімен және олардың ықпалдастық бірлестіктерімен өзара қатынастарды үйлестіру.

Индустрия және сауда министрлігінің, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
А.С.Есімов**

Мемлекеттік органдардың ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік агрозық-түлік бағдарламасын іске асыру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Аграрлық ғылым, экология, табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау, жер және су қатынастары мәселелері.

Ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері.

Көші-қон және демография саясаты мәселелері.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметіне басшылық жасау.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Көші-қон және демография жөніндегі агенттіктің, Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Кеңсесінің Басшысы
А.А.Тілеубердин**

Үкіметтің шешімдерін дайындау және олардың орындалуын ұйымдастыру, мемлекеттік және орындаушылық тәртіпті қамтамасыз ету бөлігінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволардың қызметін үйлестіру.

Үкіметтің кадр саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Үкіметтің өңірлік саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, Үкіметтің облыстар әкімдерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Премьер-Министр Кеңсесінің Президент Әкімшілігімен және Парламент палаталарының аппараттарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК